



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 2 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ынтымақтастық туралы келісімге
қол қойды**

2015 жылғы 27 қаңтар

Алматы қ.

Алматыда ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қайрат Келімбетов және ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төрақасының Төрағасы Тимур Құлыбаев Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Құжатта аталып өткендей, тараптар Қазақстанның инвестициялық ахуалын одан әрі жақсартуға, қаржы секторының тұрақтылығына қолдау көрсетуге, отандық бизнес үшін қорландырудың қолжетімділігіне, қор нарығын дамытуға, сондай-ақ қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар, оның ішінде проблемалық қарыз алушылар мен қаржы нарығына кәсіби қатысушылар арасында ашық диалог құруға бағытталған ынтымақтастық туралы уағдаласты.

ҰКП мен ҚРҰБ арасындағы ынтымақтастық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүддесін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге бірлесіп қатысу, тараптар өкілдерінің бірлескен семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдер мен брифингтерге қатысуы нысанында жүзеге асырылуы мүмкін.

Келісімге 2014 жылғы 4 шілдеде жасалған өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумның ережелерін іске асыру мақсатында қол.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz.